



11-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Мизансцена





Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Мизансцена

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Негізгі идеялар:

1. Кинематографияның барлық техникалары арасындағы ең атақтысы – мизансцена.
2. Мизансцена - негізінде «сахналау», «сахнаға қою» деген мағынаға келетін Француз тіліндегі Mise-en-scene деген сөзінен шыққан.
3. Шынайылық әрқашан маңызды емес. Маңыздысы режиссердің не айтқысы келгені.
4. Мизансцена көбінесе жоспарлауды керек етеді, алайда режиссер жоспарланбаған оқиғаларға да ашық болуы тиіс.
5. Мизансцена мына төрт аланды қамтиды: Декорация, костюм және макияж, жарық қоюшылық және актерлік перформанс.

Фильмдер:

1. La Lune à un mètre (1898) фильмі
2. Das Cabinet des Dr. Caligari
3. She Wore a Yellow Ribbon» (Она носила желтую ленту)

Мизансцена

Кинематографияның барлық техникалары арасындағы ең атақтысы – мизансцена. Бір фильмді көріп болғаннан кейін фильмдегі монтажды немесе камера қозғалыстарын, тізбектік өтпелдерді немесе ішкі-сыртқы дыбыс қолданыстарын есте сақтамауымыз мүмкін. Алайда режиссер Виктор Флемингтің 1939-жылдан бері әлем жұртшылығын таңқалдырып келе жатқан «Желдей есіп өтті» атты фильміндегі костюмдерді немесе режиссер Орсон Уэллстің «Азамат Кейн» атты фильмнің негізгі кейіпкері Чарлес Фостер Кейннің Ксанадуындағы көрген көріксіз, қорқынышты жарығы есімізде қалады. Қысқасы кино өнеріне байланысты есімізде қалатын ең нақты нәрсе, ол фильмдердегі мизансценалар.

Олай болса мизансцена дегеніміз не?

Негізінде «сахналау», «сахнаға қою» деген мағынаға келетін Француз тіліндегі Mise-en-scene деген сөзінен шыққан. Алғаш рет сахнадағы ойынды басқару тәжірибесі үшін қолданылған болатынды. Бұл терминді фильмді басқарушылыққа дейін кеңейткен кинотанушылар терминді режиссердің кино-кадрдің ішінде орын алатын нысандарды басқару құзыретін сипаттау үшін қолданады. Байқап отырғаныңыздай мизансцена театр өнерімен де сабақтасып жатқан кинематографияның мынадай тұстарын қамтиды: Декорация, жарық, костюм және кейіпкерлердің жосықтары. Режиссер мизансценаны басқара отырып оқиғаларды камераға түсіріп алу үшін сахнаға қояды.

Мизансцена көбінесе жоспарлауды керек етеді, алайда режиссер жоспарланбаған оқиғаларға да ашық болуы тиіс. Мысалы бір актер түсірілім кезінде айтатын сөздеріне өздігінен бір нәрсе қосуы мүмкін немесе жарықтың күтпеген жерден өзгеруі драмалық әсерді тудыруы мүмкін. Режиссер Джон Форд «Әйел мен сары күрделе» атты фильмі үшін әскерлердің Монумент аңғарынан өтіп бара жатқанын түсіріп жатқан кезде пайда болған күннің күркіреуі мен нөсер жауынды драмалық артқы план мен экшн тудыру үшін пайдаланды. Форд нөсерлі жауынды жоспарлаған емес еді және жауып тұрғанда оны шектеуге немесе жалпы айтқанда контроль басауға тырысқан жоқ. Алайда нөсерлі жауын фильмнің мизансценасының бір бөлшегіне айналды. Бұл жағдай фильмнің ең әсерлі эпизодтарының бірін қалыптастыру үшін оңтайлы оқиға болған еді.

Осы жерде Джон Фордтың «She Wore a Yellow Ribbon» (Она носила желтую ленту) атты фильмінің тақырыпқа сай моменті көрсетіледі.

Жан Ренуар, Роберт Олтмен сынды кинорежиссерлер актерлардың ойнау сәтінде импровизация жасауларын және осылайша фильмдеріндегі мизансценалардың өздігінен туындауына және күтпеген күйде қалыптасуына жағдай жасаған болатынды.

Шынайылық

Мизансценаны жан-жақты талқыламастан бұрын бір алғы сенімнің бетін ашып алғанымыз жөн.



Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Мизансцена

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Көрермендердің фильм мизансценасындағы кейбір сахналарды естерінде сақтайтыны сынды, көрермендер мизансценаға көбінесе шынайылық стандарты бойынша баға береді. Бір автомобиль фильмнің көрсетіп жатқан кезеңіне сәйкес келуі мүмкін, немесе актердің мимикасы шынайы болмауы мүмкін, өйткені «шынайы адамдар олай жосық жасамайды». Солай емес пе?!

Алайда шынайылық бірнеше мәселенің қалыптасуына себеп болатын құндылық стандарты. Шынайылық мәдениеттен мәдениетке, кезеңнен кезеңге, тіпті адамнан адамға қарай өзгертін нәрсе. Марлон Брандонның 1954-жылғы «Айлақта» деп аталатын фильміндегі актерлік шеберлігі сол жылдары өте көп мақтауға ие болған еді, алайда қазіргі таңда бұл шеберлік өте жасанды көрінеді. Бұл жағдай Қазақ киносы тарихында да бар. Шәкен Аймановтың 1957-жылы түсірген «Біздің сүйікті дәрігер» атты фильмін де қазір қарар болсақ актерлік шеберліктің қазіргі заман өлшемі тұрғысынан «өте жасанды» екенін байқар едік.

1910-жылы Американдық сыншылар Американдық режиссер, сценарист және актер Уильям Саррей Харттың Вестерндерін шынайы болғаны үшін мақтаған болатынды. Алайда 1920-жылдардың тең дәрежедегі Француз сыншылар бұл фильмдерді орта ғасыр эпикасы сынды жасанды деп тапқан болатынды. Ең маңыздысы барлық фильмдерден шынайылықты талап ету мизансцена мүмкіншіліктерінің кең ауқымына қарсы бізді соқырға айналдырады.

Мысалы дәл осы жерде режиссер Фритц Лангтың «Доктор Калигаридің кабинеті» атты фильмінің мына бір сахнасына қарайық.

Осы жерде Das Cabinet des Dr. Caligari фильмі ойнатыла бастайды. Кадр сыртынан фильмге байланысты мына ақпараттар беріледі. 46:42-47:12

Гимараттың шатырын осылай көрсету қалыптағы шынайылығымызға сәйкес келмейді. Алайда бұл жерде дәл осы фильмді шынайы болмағаны үшін жазғыру дұрыс болмас еді, өйткені фильм бір жындының фантазияларын көрсету үшін стилизацияланған болатын. «Доктор Калигаридің кабинеті» фильмі экспрессионист сурет өнері мен театрдың дәстүрлерінің кей тұстарын қарызға алады да оларға жынды адамның сандырағын көрсету функциясын жүктейді.

Олай болса ең дұрысы, көрген фильмдеріміздегі мизансценаның функцияларына зерделей қарау керек. Бір фильм мизансценаны шынайылық сезімін тудыру үшін қолданатын болса, басқа бір фильм әлдеқайда өзгеше әсерлерді мақсат еткен болуы мүмкін: Күлкілі әсірелеушіліктер, бей-табиғи террор, көзге ілінбеген сұлулық және тағы да басқа көптеген функциялар. Фильмнің тұтасын қарастыра отырып мизансценаның функциясын талқылауымыз керек, яғни қалай мотивациялануда, қалай өзгеруде немесе ілгерілеуде, фильмнің өзге техникаларымен қарым-қатынасы қалай?

Мизансценаның күші

Киноны шынайылық түсінігімен шектеу – мизансценаны жұтандастырады. Бұл техниканың қалыпты жағдайдағы шынайылықты асып өте алатын күші бар және бұл техниканың кино өнеріндегі алғашқы шебері Жорж Мельестің шығармашылығына қысқаша қарап көруге болады. Мельестің мизансценасы бастан-аяқ фантастикалық дүниенің қалыптасуын мүмкін қылған болатынды.

Карикатура сызумен және сиқыр көрсетумен айналысқан Мельес, Ағайынды Луи және Огюст Люмьерлердің 1895-жылғы фильм көрсетілімдерінен қатты әсер алған болатынды. Ағылшын өнертапқыштың аппаратына сүйенетін камера құрастырған Мельес сахнаға қоймаған көшедегі көрсетілімдерін және күнделікті өмірдегі сәттерді таспаға басып алып жүрді. Аңыз бойынша Мельес бір күні Париждің атақты Опера Алаңында фильм түсіріп жатқан болатынды және камерасы автобус өтіп бара жатқан сәтте тоқтап қалады. Жөнделгеннен кейін Мельес фильмін түсіруін жалғастырды, алайда автобус өтіп кеткен болатынды, ал камераның алдынан жаназа көлігі өтіп бара жатқан болатынды. Мельес фильмді кейіннен көрген кезінде күтпеген жәйттерді байқайды: Жүріп бара жатқан автобус бірден жаназа көлігіне айналған болатынды. Бұл аңыздың расы-өтірігі білінбейді, алайда Мельестің мизансценаның сиқырлы күшінің бар екенін білетіндігін көрсетеді. Мельес бар тәжірибесін кинематографиялық сиқыршылыққа арнады.

Мұны жасау арнайы дайындықты керек етеді, өйткені Мельес автобус-жаназа көлігі оқиғасы сынды кездейсоқ орайларды күтіп отыра алмас еді. Экшнды жоспарлауы керек еді және мұны камераға алуға міндетті еді. Театрдағы тәжірибесінен шабыт алған Мельес, алғашқы кино студиялардың бірін тұрғызды. Бұл студия балкондары, құпия есіктері, сырғитын артқы перделері бар театр заттарына толы кішкене ғана



Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Мизансцена

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

жер еді. Түсірілімдерді алдын ала жоспарлады және декорация мен костюмдердің дизайнын жасады. Оның деталды кескіндемелері мен түсірілген сахна арасындағы сәйкестікке қараңызшы:

Бұл жетпегендей Мельес өз фильмдерінде басты рөлді сомдады. Тіпті кейбір фильмдерінде бірнеше рөлді сомдады. Сикырлы әсерлер қалдыру Мельесті фильмдерінің мизансценасын жан-жақты қалыптастыруға итермеледі.

Мұндай пысықтық оның жоспарлаған фантазиялық дүниесін тудыру үшін керек еді. Мельес «Балық-әйел» атты фильмін 1904 жылы тек қана бір студияда түсірген еді. Аталмыш фильмінде камера мен актриса арасына балық аквариумын орналастырып артқы фонда картондармен құбыжықтар жасап теңізасты дүниесін қалыптастырған болатынды.

Сонымен қатар өзі астролог болып ойнаған 1898-жылғы «Ай бар болғаны бір метр ұзақтықта» атты фильмінде үп-үлкен картоннан суреттер сызған болатынды. Бұл фильмдегі телескоп, глобус пен тақта екі өлшемді тегістікке сызылған суреттер.

La Lune à un mètre (1898) фильмі көрсетіледі.

Мельес, “Star Film” кино студиясы төңірегінде әрбір элементті жіті бақылайтын жүздеген фантастикалық және сикырға толы қысқа фильм түсірді және мизансценаның бұл алғашқы шебері мизансцена ұсынған техникалық мүмкіншіліктерді ауқымды екенін көрді және көрсетті. Мельестің сикыршылық мұрасы – қиялдың мақсаттарына барынша тәуелді, әрі қызықты шындықтан тыс дүние.

Олай болса мизансцена нені қамтиды?

Бұл сұрақты былайша да қоюға болады: Мизансцена режиссерге таңдаудың қай түрлерін және басқарудың қай мүмкіншіліктерін қынады? Жалпы алғанда бұлардың төрт алаңы бар: Декорация, костюм және макияж, жарық қоюшылық және актерлік перформанс.

Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.